

**«ШЫҢ-БӨБЕК» бөбекжай- балабақшасы» ЖШС –нің меңгеруші жанындағы кеңес
жоспары 2024-2025 оқу жылына**

Меңгеруші жанындағы кеңес			
№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	- Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы. - Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру. - Жедел бақылау қорытынды: «Тамақтанудың дұрыс ұйымдастырылуы» - Салыстырмалы бақылау қорытындысы: «Ұйымдастырылған іс- әрекеттердің сапалы орындалуы». - Фронталды бақылау қорытындысы «Әдістемелік жұмыс» - Әкімшілік бақылау қорытындысы: «Шаруашылық қызметі»	Қыркүйек 2024ж	Меңгеруші
2	- Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы. - Әкімшілік бақылау қорытындысы: «Шаруашылық қызметі» « Тыңдалды 25 - қазан Республика күніне арналған тәрбие сағаты «Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценариімен танысу, бекіту	Қараша 2024ж	Меңгеруші
3	- Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау. - Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы. - Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу. - Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру. - Жедел бақылау қорытындысы: «Тамақтанудың дұрыс ұйымдастырылуы» «Ұйымдастырылған іс-әрекеттің сапалы орындалуы» - Фронталды бақылау қорытындысы «Әдістемелік жұмыс» - Әкімшілік бақылау қорытындысы: «Шаруашылық қызмет.	Қаңтар 2025ж	Меңгеруші

4	1.Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы. 2. Жедел бақылау қорытындысы: «Тамақтанудың дұрыс ұйымдастырылуы» 3.Салыстырмалы бақылау қорытындысы: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттің сапалы орындалуы» 4. Әкімшілік бақылау қорытындысы: «Құжаттаманы жүргізу» 5. «Құлпырған жаздың алғашқы күні» Балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспарымен танысу, бекіту	Мамыр 2025ж	Меңгеруші
---	--	-------------	-----------

Меңгеруші



Д.К.Темирбекова

**«ШЫҢ-БӨБЕК» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС-нің
Меңгеруші жанындағы кеңес
Хаттамасы № 1**

Күні: 03.09.2024ж

Қатысқаны: барлық балабақша қызметкерлері

Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.
2. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру.
3. Жедел бақылау қорытынды: «Тамақтанудың дұрыс ұйымдастырылуы»
4. Салыстырмалы бақылау қорытындысы: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің сапалы орындалуы».
5. Фронталды бақылау қорытындысы «Әдістемелік жұмыс»
6. Әкімшілік бақылау қорытындысы: «Шаруашылық қызметі»

Тыңдалды :

1 – мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Д.К.Темирбекова құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Яғни, балабақша тәрбиешілерінің және қызметкерлерінің өздеріне тиісті журнал, іс – қағаздарының, күнделікті сабақ жоспарларының, айлық, жылдық жоспарларының, тәрбиеленушілердің жеке іс - құжаттарын жүйелігін айтты.

2 – мәселе бойынша балабақша әдіскері ретінде: Д.К.Темирбекова топтардағы тәрбиешілердің сабақ кестесін, жұмыс уақытын белгілеп бекіттік. Тәрбиешілер қолдарына бекітілген сабақ кестелері бойынша жұмыстарын жүргізеді. Тәрбиешілер күнделікті берілген тапсырманы уақытысында орындайды. Жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, уақытысымен келеді.

3 – мәселе бойынша балабақша әдіскері Жедел бақылау «Тамақтанудың дұрыс ұйымдастырылуы» қорытындысын айтып өтті. Жедел бақылау кезінде Санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуына аса мән берілді.

4 – мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Салыстырмалы бақылау: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттің сапалы орындалуы» жайлы қорытындысымен тасныстырды. Барлық топтарда Сапалы тәрбие мен білім беру мақсаты қаралды.

5 – мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Д.К.Темирбекова, фронталды бақылау: «Әдістемелік жұмыс» қорытындысын айтып өтті. Бақылау педагогтардың күн тәртібін сақтауы жөнінде жүргізілді.

6 – мәселе бойынша балабақша шаруашылық меңгерушісі М.Т. Кожабеков, Әкімшілік бақылау «Шаруашылық қызметі» қорытындысын таныстырып кетті. Бақылау мақсаты: Ойын,жатын, қабылдау, жуыну бөлмелерінің санитарлық жағдайға сай болуы.

Шешімі:

1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру балабақша меңгерушісіне жүктелсін.
2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы балабақша шаруашылық меңгерушісі М.Т. Кожабековке жүктелсін.
3. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру құрылды және оқу құжаттардың жүргізілуіне балабақша әдіскері жауапты болып табылсын.
4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу нәтижесі қанағаттанарлық болып табылды.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Д.К.Темирбекова

Г.Бибатырова

«ШЫҢ-БӨБЕК» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС-нің
Меңгеруші жанындағы кеңес
Хаттамасы № 2

Күні: 04.11.2024ж

Қатысқандар: балабақша қызметкерлері

Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Әкімшілік бақылау қорытындысы: «Шаруашылық қызметі»
- 3.« Тыңдалды 25 - қазан Республика күніне арналған тәрбие сағаты
4. «Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценариімен танысу, бекіту

1. Тыңдалды: балабақша меңгерушісі Д.К.Темирбекова, өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына есеп берді. Балабақшада кезекші топтар қалыпты жұмыс жүргізіп отыр. Барлық санитарлық талаптар орындалуда. Топтар керекті дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз етілген. Сонымен бірге өткен кеңестегі кемшіліктердің орындалуына тоқталып өтті. Топтарда дене шынықтыру құралдары толықтырылған, кітап бұрыштары жаңартылғанын және ойын атрибуттары біршама толықтырылғанына тоқталды.

2. Тыңдалды: балабақша меңгерушісі Д.К.Темирбекова, Әкімшілік бақылау: «Шаруашылық қызметі» бойынша бақылау жүргізілді. Ғимараттар мен қосалқы ғимаратты қысқы жұмысқа дайындығы тексерілді. Тексеру қорытындысымен таныстырып өтті. Тексеру мақсаты: ғимараттардың талапқа сай болуы, кемшіліктерді анықтау, түзету.

3.Тыңдалды : 25 - қазан Республика күніне арналған «Мен Отанның бақытты ұлымын» атты тәрбие сағаты сценариімен балабақша әдіскері таныстырып өтті. Балалардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту. Елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу. Сценарийде туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру,отанын сүю екенін айтып, туған ел туралы тақпақтар, әндер жобаланғанын айтып өтті.

4. Тыңдалды: «Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценариімен балабақша тәрбиешісі Г.Бибатырова таныстырды. Ертеңгіліктерде сахналау, әндер және билер бала жасына сай таңдалған.Балалардың ертеңгілікке кіруі және аналар мен қыздарға силық силау сәттері таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. тәрбиешілер ертеңгілікке керекті құралдар мен залды

әсемдеу варианттарын ұсынды. Меңгеруші материалдық жағынан көмек беретінін білдірді. Ертеңгілікті 28-29.12.2024 оқу жылында өткізуді ұсынды.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. 25 -қазан Республика күніне арналған **«Мен Отанның бақытты ұлымын»** атты ашық оқу қызметі ортаңғы, ересек тобында өткізілсін. Мерзімі 25-26.11.2024 ж
3. «Жаңа -Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценарилері бекітілсін. 28-29.12.2024 жыл күндері өткізілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Д.К.Темирбекова

Г.Бибатырова

«ШЫҢ-БӨБЕК» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС-нің
Меңгеруші жанындағы кеңес
Хаттамасы № 3

Күні: 08.01.2025ж

Қатысты: балабақша қызметкерлері

Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау.
2. Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы.
3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу.
4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру.
5. Жедел бақылау қорытындысы: «Тамақтанудың дұрыс ұйымдастырылуы»
6. Салыстырмалы бақылау қорытындысы: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттің сапалы орындалуы»
7. Фронталды бақылау қорытындысы «Әдістемелік жұмыс»
8. Әкімшілік бақылау қорытындысы: «Шаруашылық қызмет»

Тыңдалды :

1-ші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Д.К. Темирбекова, топтардағы табиғат бұрышын ұйымдастырылуын бақылады. Ондағы мақсаты топ бүлдіршіндерінің табиғатқа қамқор болуға, гүлдерді аялап баптай білуге баулу. Балалармен сабақтан тыс уақыттарда табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен гүлдерге күтім жасалынады. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Мысалы, ас әзірлеу, оқу құралдарын тарату, жинау және табиғат бұрышында еңбек ету. Барлық топтарда гүлдерге күтім жасау үшін еңбек құралдары және арнайы киімдері бар. Күніне екі балаладан кезекшілік жасайды. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суғару, айналасын сұрту, түбін қопсыту күнделікті кезекшілікпен жүргізілетіндігі айтылды.

2 – ші мәселе бойынша әдіскер ретінде Д.Темирбекова -топтардағы тәрбиешілердің және пән жетекшілерінің күнделікті оқу іс - әрекеті жоспарларының уақыты бекітілетіндігін айтты.

3-ші мәселе бойынша балабақша медбикесінің у.м.а. Г.Бибатырова, 2024 –2025 оқу жылының қаңтар айында әр топ ата – аналарымен кезекті жиналыстарында бала денсаулығына мән беріп, дұрыс қадағалау жайлы

айтты. Ондағы мақсаты: ата – аналарға бала тазалығы және кейбір аурулардан сақтану үшін әртүрлі тақырыптарда баяндамалар оқылды. Себебі, күздің алғашқы кездеріндегі суық балаларды ауыртады. Балаларды жылы киіндіріп әкелу, гигиеналық тазалық шараларын сақтау басты назарда болуын ескерте отырып, егер бала ауырған жағдайда бірден бізге ескертіп немесе ауылдық амбулаторияға қаратуларын атап өтті. Сондықтан күз кезінде балаларды тұмаудан ауырмаудың алдын алу шараларын жүргізу керек айтты. Тұмаудан құтқарудың бірден бір жолы вакцина егтіру екендігін, оны жыл сайын егтіру қажет.

4 – ші мәселе бойынша тәрбиеші Н.Әзімбай, күнделікті таңертең келген ата – аналармен, балалармен амандасып, балалардың таңертеңгілік көңіл күйлерін бақылағандығын айтты. «Жылулық шеңбері» арқылы көңіл күйлерін көтеріп және балалардың уақытылы тамақтануын, гигиеналық тазалықтарын қадағалағандығын айтты. Оқу іс – әрекетінде тәрбиешілердің күнделікті жазылатын технологиялық карталарын бекітіп, оқу іс - әрекетіне қажетті құрал –жабдықтарын тексерді. Оқу іс – әрекет процесіне қатысқандығын айтылды. Серуен кезінде балаларды күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылатып, ойын алаңында қызықты ойындар ойнатылғандығын бақыланды. Түскі ас кезінде балалардың дұрыс тамақтанулары қадағаланды. балаларды тәтті ұйқыға жатқызу кезінде ертегілерді айтқандары бақыланды. Ұйқыдан оянған кезде сергіту жаттығулары, ойындар мен шынықтыру шаралары ұйымдастырылғандығын айтты. Балаларға бесін тамақ берілгеннен кейін, әртүрлі сюжеттік, рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар ойнатылғандықтары бақыланды. Балаларды үйлеріне шығарып салғандарын бақылағандығын айтты.

5–ші,6–ші,7–ші мәселе бойынша меңгеруші Д.К. Темирбекова,

- Жедел бақылау «Тамақтанудың дұрыс ұйымдастырылуы» қорытындысын айтып өтті. Жедел бақылау кезінде Санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуына аса мән берілді.

-Салыстырмалы бақылау: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттің сапалы орындалуы» жайлы қорытындысымен таныстырды. Барлық топтарда Сапалы тәрбие мен білім беру мақсаты қаралды.

-Фронталды бақылау: «Әдістемелік жұмыс» қорытындысын айтып өтті. Бақылау мақсаты: балаларды жол тәртібін сақтау ережелерімен таныстыру деңгейі.

8-ші мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі М.Т.Кожабеков: Әкімшілік бақылау «Шаруашылық қызметі» қорытындысын таныстырып кетті. Бақылау мақсаты: Жұмсақ жабдықтың жәй-күйі

Шешімі:

1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау жұмыстар жалғастырылсын.
2. Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы жақсарту ай ма ай перспектива мен циклаграмма жасалынсын.
3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу бағыттары нақтылансын.
4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыруға жауапты, балабақша медбикесі у.м.а. Г.Бибатырова және әдіскері Д.Темирбекова болып табылсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы



Д.К.Темирбекова

Г.Бибатырова

«ШЫҢ-БӨБЕК» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС-нің
Меңгеруші жанындағы кеңес
Хаттамасы № 4

Күні: 05.05.2025ж

Қатысқандар: балабақша қызметкерлері

Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1.Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Жедел бақылау қорытындысы: «Тамақтанудың дұрыс ұйымдастырылуы»
- 3.Салыстырмалы бақылау қорытындысы: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттің сапалы орындалуы»
4. Әкімшілік бақылау қорытындысы: «Құжаттаманы жүргізу»
5. «Құлпырған жаздың алғашқы күні» Балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспарымен танысу, бекіту

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі Д.К.Темирбекова, өткен кеңестің шешімдерін орындалғанын айтып, ішінара кемшіліктерті атап өтті. Тәрбиешінің көмекшілері мен медбикеге балабақша ішіндегі санитарлық талаптардың орындалуы қатаң талап етіліп жатқанын ескертті.Қызметкерлердің оны мүлтіксіз орындауы керектігін айтты. Сонымен бірге топ бөлмелерінде тамаққа дейін және кейін үстелді сабынды ыстық сумен жуу,Таңбаланған ыдыстардағы ойыншықтарды өндеуді күн соңында бір рет ортаңғы және ересек топтарда, ерте жас және кіші топтарда күніне екі рет өткізу керек, ол бірақ толыққанды жүргізілмей жатқанын байқағанын ескертті. Сонымен бірге топтарды және , музыка залын желдету 10 минут, ұйқы алдында жатын бөлмені 30 минут желдету керектігін қайта ескертетінін айтты. Педагогтарға көмекші тәрбиешілерді басқарып, талаптарды толыққанды орындау керектігін қадап айтты.

Сонымен бірге балаларды қызылша немесе грипптің алдын алып қорғау үшін тәрбиешілерге серуендеу ұзақтығын арттыруға, ал жақсы ауа-райында сабақтың бір бөлігін аулада өткізуге кеңес берді. Балалардың киіну-шешінуіне көп уақыт жұмсамау туралы тәрбиешілерге кеңес берді.

2.Балабақша әдіскері ретінде Д.К.Темирбекова, Жедел бақылау «Тамақтанудың дұрыс ұйымдастырылуы» қорытындысын айтып өтті. Жедел

бақылау кезінде Санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуына аса мән берілді.

3. Тыңдалды: балабақша меңгерушісі Д.Темирбекова, Салыстырмалы бақылау: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттің сапалы орындалуы» жәйлі қорытындысымен тасныстырды. Барлық топтарда Сапалы тәрбие мен білім беру мақсаты қаралды.

- Әкімшілік бақылау «Құжаттаманы жүргізу» қорытындысын таныстырып кетті. Бақылау мақсаты: Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын құрастыру. Түлектердің психологиялық-педагогикалық мінездемелерін рәсімдеу болды.

5.Тыңдалды: балабақша тәрбиешісі Н.Әзімбай, «Құлпырған жаздың алғашқы күні» Балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспарымен таныстырды.1 маусым балаларды қорғау күні барлық баланың қатысуымен мерекелік іс-шара өткізгісі келетінін мәлімдеді. Меңгеруші келісім берді.

Тыңдалды: балабақша тәрбиешісі Г.Бибатырова, «Қош бол балабақша» ертеңгілік сценариімен таныстырып өтті. Ертеңгілік балалардың жылдар бойы алған білімдері негізделіп жобаланған. Балаларға өскен ұясын сыйлауға, үлкендердің еңбегін құрметтеуге, білімдерін ортаға көрсете білуге,туған өлкесін, Отанды сыйлауға білім беруге негізделген сценарий құрылғанын, балаларға естелік сыйлық жасауға меңгерушіден көмек керек екенін айтып өтті.

Меңгеруші ертеңгілік сценариін бекітіп, қаржылай көмек беруге келісім берді.

Шешімі:

1.Балабақшада санитарлық талаптар қатаң сақталсын. Балалардың серуендеу уақыты арттырылсын.

2.Балабақшадағы ертеңгіліктерді тәрбиешілер мен музыка жетекшілігімен бірлесе жұмыс атқарсын.

3. «Құлпырған жаздың алғашқы күні» балаларды қорғау күніне арналған сценарий бекітілсін. Балаларға арналған сыйлықтар мен керекті материалдармен қамтамасыз етілсін. жауапты шаруа меңгерушісі М.Т.Кожабеков

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Д.К.Темирбекова

Г.Бибатырова